

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.43-44

ТҮРКІ ЕНИСЕЙ ЭПИТАФИЙЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Бонашев С.

Түркітану ғылымында түркі жазба ескерткіштеріндегі жазба тілінің жанры туралы екі негізгі пікір бар. Бірі - бұл тарихи жылнама немесе қысқаша шежіре (П.Мелиоранский, С.Кляшторный, А.Щербак, Л.Гумилев т.б.) деп түйіндесе, екіншілері – тарихи-эпостық жыр, батырлар жыры (Ф.Корш, И.Стеблева, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Жолдсабеков т.б.) деп айтады.

Эпитафия грек тілінен «күлпытасқа жазылған жазу және дүниеден өткен адамға шығарылған жоқтау («ода»))» деп аударылады. Ол проза не поэзия үлгісінде жазылады. Оның көлемі шағын болады [1, 449] деген анықтама беріледі.

Тарихи жылнама болу үшін тарихи деректер ешбір ұйқассыз, әсірелеусіз, айшықтаусыз «жалаң ресми стильде» баяндалуы керек. Егер тарихи баяндау барысында тілдік бейнелеу құралдары, эмоционалды сөздер мен сөз тіркестері, оқиғаны суреттеу барысында табиғит көріністерін суреттеу, немесе тарихи тұлғаның портретін жасау барысында бейнелеу сөздері, салыстырулар орын алса, онда туынды тарихи жылнама емес, *тарихи эпостық жыр* болуы тиіс.

С.Е.Малов «...эпитафии – это кладбищенская поэзия» деп көне түркі туындыларын атады. Мұнда батырдың (жауынгердің) шеңі, атағы, жасы, шайқастары мен олардың саны, өлтірген қарсылас-жауынгерлер саны және т.б. оқиғалар суреттеліп, «өмірдің қызығымен құмарымды толық қандырмадым» («не наслаждался») деген қайғыру, өкіну эмоциялары беріледі.

Тарихи эпос не жыр туралы сөз қозғаған А.Н.Веселовский былай деген: «... Шынын айтқанда, батырдың ерлігін жырлаған эпостар халықтың қалыптасуымен қатар туып бастаған. Тарихи кезеңдердің елеулі тұлғалары - ерлердің төңірегінде неше түрлі өлеңдер құрастырылып, солардың негізінде бүтін цикл жасаған». Олай болса, бл эпитафийлер – әрі тарих, әрі тарихи тұлға, әрі – эпостық жыр (баяндау).

Көне түркі енисей эпитафийлерінің кейбіреулерінде тіптен ұйқас жоқ, бірақ әдеби туынды емес деп айтуға жатпайтын қағида. Профессор Б.Кенжебаев айтқандай «...жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады. Көп жерлері, тіпті ұйқассыз да келеді».

Д.М.Насилов енисей эпитафийлерін зерттей келе, оларды Орхон жазба ескерткіштертерінен әдеби тұрғыдан төмен екендігін атай отырып, Енисей бойындағы түркілердің жазу мәдениеті мен әдеби тіл белгілі деңгейде болғандығын мойындауымыз керек дейді. Көне түркі енисей эпитафийлері - 8-11 ғасырлар аралығына жататады. Эпитафий мәтіндерінде этнонимдер мен топонимдер көрсетілсе де, нақты қай саяси этникалық құрылым туралы толық дерек берілмейді. Мемориалдық жазбалардың басым көпшілігі Алтай, Хакасия, Тува өңірлеріндегі енисей қырғыздарымен байланысты. Көне түркі енисей эпитафияларын алғаш зерттеген ғалымдар И.Р.Аспелин, В.В.Радлов, С.Е.Малов болды. Кейін енисей рунологиясының зерттелуіне үлес қосқан ғалымдар С.В.Киселёв, И.А. Батманов, А.Ч.Кунаа, Л.Р.Кызласов, Э.Р.Рыгдылон, З.Б.Чадамба, А.М.Щербак, С.Г.Кляшторный, Д.М.Насилов, В.Я.Бутанаев, Д.Д.Васильев, И.В. Кормушин.

Бүгінгі күнде жалпы саны 158-ден асатын көне түркі енисей эпитафийлері бар. Олардың 60 пайызға жуығы Тува дерінде табылған. Бұл эпитафийлердің барлығын да біріктіретін басты қағида - тарихи эпостық жыр сарынында жазылуы.

Көне түркі енисей жазба ескерткішінен мысал келтірейік. «(1) qıjda qunčujım-a äsizim-ä ajıta özdä oylım äsizim-ä adiriltım-a ajıta (2) jüz qadaşım ujarin için jüz ärin älig öküzin tikdi (3) kök täñridä kün aj äsiz ärmış ajıta äsizim-ä adiriltım-a (4)qanım elim-ä äsizim-ä ajıta [...]qanım elim-ä äsiz ajıt-a adiriltım... - (1) О, мои супруги в женских покоях, - как жаль мне, как грустно! Мои родные сыновья, - как жаль мне, я отделился (от вас), как грустно! (2) Благодаря благодетелю ста мужей, моих сородичей, с помощью ста мужей и пятидесяти волов водрузили (этот памятник) В синем небе – жаль! – были солнце и луна. Как грустно, как жаль мне – я отделился (от вас)! (4) О, мой хан, моё государство – как жаль мне, горе! ... Мой хан, моё государство – жаль, грустно! – я отделился (от вас)» (Е-10) [5, 228].

Жоғарыда келтірілген бір мысалда қаратпа сөз бен одағай да («qunčujım-a», «elim-ä», «qanım» - «О, жұбайым менің», «О, елім менің», «О, ханым менің!»), эмоционалды реңкі бар сөздер мен сөз тіркестері де («äsizim-ä», «äsiz» - «өкініштісін-ай!», «өкінішті!...»), қайғыру мәнді етістіктің әр сөйлем сайын қайталануы, перифраз да («adiriltım-a ajıta», «adiriltım-a», «ajıt-a adiriltım...» - «айырылдым, ажырап кетім»), эпитет («jüz qadaşım ujarin için» - «жүз асыл (игі) жауынгердің арқасында»), табиғатты суреттеу («kök täñridä kün aj äsiz ärmış ajıta äsizim-ä adiriltım-a» - «Көк аспанда күн мен ай болды, өкінішті-ай!...айрылдым бәрінен») образдары – мұның барлығы әдеби көркемдік құралдардың қолдануы арқылы жазылған мәтін. Тарихи жылнама (дерек) қағидасы сақталмаған! Бұл оның сонау 8-ғасырда өмір сүрген көне түркі енисей қырғыздарының әдеби туындысы, жоқтауы, тарихи-эпостық жыр үлгісіндегі шығармасы екендігінің дәлелі.

Түркі енисей эпитафийлерінің жанрлық сипатын айқындау үшін қарастырылған 56 эпитафия қарастырылды. Соның тек Е-104 (означеноое II), Е-37 (Тесь), Е-61 (Шаньчи I), Е-54 (Оттук-Даш), Е-100 (Баян-Кол) эпитафияларында тілдің көркемдік әдеби тәсілдеріне мысал келтірілмеді.

Оның себебі, мәтіндер бүгінгі күнге дейін сақталған, әр қабіртаста тек 1-10 аралығындағы сөз біркелкі емес жерде ғана мүжіліп, сақталған. Қалған 51 эпитафийде тарихи-эпостық жыр не әдеби туынды екендігін дәлелдейтін мысалдар көп.

Қорыта айтқанда, түркі энисей эпитафийлері – 8-11 ғасырларды қамтыған түркі халықтарының бай әдеби мұрасы. Эпитафийлердегі жоқтау жанры мен жауынгерлер ерлігін мадақтау үлгісі – кейінгі қазақ әдебиетіндегі батырлық жырлар мен эпостар дәстүр жалғастығы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

I.Rezuanova G.K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova.
Management of students philologists professional competence formation//
International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI:
10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Ғылыми жетекшісі: Ж.Қ.Айдарбекова